

Облыс әкімиятының N 983 тіркелген 2002 жылғы 28 қарашадағы "Облыста жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі шаралар өткізу туралы N 106 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімиятының 2004 жылғы 30 қаңтардағы N 5 қаулысы. Жамбыл облыстық әділет департаментінде 2004 жылғы 18 ақпанда 1206 нөмерімен тіркелді. Қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007 жылғы 24 сәуірдегі № 4-1874 Хатымен

Еркерту. Қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007.04.24 № 4-1874 Хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының негізінде облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Облыс әкімиятының 2002 жылғы 28 қарашадағы "Облыста жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі шаралар өткізу туралы»N 106 (әділет департаментінде 2003 жылғы 10 маусымда N 983 тіркелген, "Ақ жол" және "Знамя труда" газеттерінде 2003 жылғы 3 шілдеде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1 тармақ мына редакцияда мазмұндалсын:

"Облыс Әкімі жанындағы құқықтық насихат және жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі үйлестіру-әдістемелік кеңесі туралы ереже бекітілсін (қоса беріледі).";

аталған қаулымен бекітілген "Облыс Әкімі жанындағы құқықтық насихат және жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі үйлестіру-әдістемелік кеңесінің құрамы" күші жойылды деп танылсын.

2. Облыс Әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімі кеңестің жаңа құрамын әзірлеп, облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының бекітуіне ұсынсын

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары К.М. Демешке жүктелсін.

Облыс әкімі

С. Үмбетов

